



МУХТАР АЗАЛЫ



№50
(2115)
Сәрсенбі
24 мамыр
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес аудан әкімдерінің халық алдындағы есебі басталды.

Аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы Оразбаев тұрғындар алдындағы есебін «Құмжиек» ауылдық округінің орталығы Қ.Пірімов аулынан бастады.

Мұхтар Әуесұлы алдымен ауданда атқарылған жұмыстар жайлы айта келіп, ауылдағы спорт кешенінің жылу қазандығын газға ауыстыру үшін №18 Қазалы ауданының жасөспірімдер спорт мектебі арқылы облыстық мәдениет және спорт басқармасына өтінім берілгенін жеткізді.

Аудан әкімі аймақ басшысының қолдауымен Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінің екі аралығында көп балалы аналарға арналып 50 үй салынатынын, ауылда балабақша салу, жол жөндеу, тұрғындарға суды, газды жеткізу жұмыстары өз кезегімен орындалатынын айтты.

Мемлекет 5 жылға дейін мал басын көбейтіп, асылдандырам деген ауыл тұрғындарына 7 жылға дейін 2,5% бен несие беретінін, бұл мақсатта 2 миллиард теңгеден астам жобаға ұсыныс берілгенін айтты.

Кездесуде ауыл тұрғындары су ұңғымасын қазу, мал қорымына лебедка орнату, тағы басқа ұсыныс пікірлерін жеткізді.

Аудан әкімінің ауыл тұрғындарымен кездесуі Басықара ауылдық округінде жалғасты. Аудан әкімі М.Оразбаев ауданда атқарылған істер жайлы баяндап, алдағы екі жылда 16 ауылда электр желілері қайта жаңғыртылатынын және «Қарлан» көпірінің құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанына да тоқталды.

Кездесуде ауыл ақсақалдары өз пікірлерімен бөлісіп, мал шаруашылығы үшін бұлақ қазып беруді өтінді. Қала мен ауыл аралығына қатынайтын жолаушылар көлігі мәселесін шешіп беруді сұрады.

Аудан басшысы 50 орындық жаңа үлгідегі бала бақша ғимаратын салу өз кезегінде тұрғанын жеткізді.

Ауыл тұрғындары ауылдағы жайылымдық жерлердің аумағын кеңейту, ауылға спорт кешенін салу, ауылдағы әкімшілік ғимаратты жөндеу жөнінде ұсыныс білдірді.

Аудан әкімі Мұхтар Әуесұлының халықпен кездесуі «Қарашеңгел» ауылдық округінде жалғасты. Аудан басшысы ауданда атқарылған жұмыстардан хабардар ете отырып, Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектептің құрылысы биыл аяқталатынын, ауылдарда үш амбулаториялық құрылыс жұмыстары басталатынын жеткізді.

Кездесуде ауыл тұрғыны ауыл көшелерін жөндеу, «Шитүбек» елді мекенінің электр және ауызсу желілерін қалпына келтіріп, салалық мекемелердің балансына беру мәселесін қозғады.

Тұрғындар аудан әкімінің атқарған жұмыстарына оң бағасын берді.

Аудан әкімі М.Оразбаевтың халықпен кездесуі Ғ.Мұратбаев ауылдық округінде жалғасты. Орталық саябақта өткен кездесуде аудан әкімі М.Оразбаев ауданда атқарылған жұмыстар жайында баяндап, облыстық ветеринария басқармасына аудандық ветеринарлық станциясының теңгеріміндегі 3 қызметтік көлікті жаңарту мақсатында ұсыныс бергенін жеткізді. Жылында Бодықова Гүлсім, Әбу Елеусіз ауылдың ветеринарлық дәрігерін қызметтік көлікпен қамтамасыз етуді сұрады. Мал шаруашылығына қатысты сұрақтар қойды. Ауылға қатынайтын қоғамдық көлікті аудандық емхана арқылы жүргізуді сұрады.

Аудан әкімі мен тиісті сала басшылары ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Аудан әкімінің ауыл тұрғындарымен кездесуінде ауыл халқы әкімнің қызметіне «жақсы» деген баға беріп, өздерінің тарапынан қойылған сұрақтарға қанағаттандырылғы жауаптар алды.

Әйгерім ЖӘЛИЕВА,
«Тұран-Қазалы»



ЕҢБЕК АРДАГЕРІ НАРТАЙ КӘДІРҰЛЫН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛДАН ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР



Қ.Пірімов аулында еңбек ардагері Нартай Кәдірұлын еске алуға арналған волейболдан облыстық ашық турнир басталды.

Көпшілікке жарысқа қатысушы командалар таныстырылды. Олардың қатарында Қызылорда қаласы, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Арал, Қазалы аудандары және «Құмжиек» аулы мен ардагерлер құрамалары бар.

Турнирді аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ашып, спортшыларға сәттілік тіледі.

- Қазақ халқы қашанда елдік пен ерлікті ұлықтай білген.

Ел мерейін көтерген ерлерін құрметтеген. Оның дәлелі ретінде еңбек ардагері Нартай Кәдірұлының ұрпақтары марқұмның рухына құран бағыштап, ас берді. Ал, Қ.Пірімов аулында волейболдан ауқымды турнир бастау алуда.

Нартай ағамыздың жаны жәннаттық болсын. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін! Тек мықтылар жеңіске жетсін, - деді аудан басшысы.

Мұнан соң қонақтар Нартай Кәдірұлын 1 минут үнсіздікпен еске алды.

Көпшілік Қызылорда қаласы мен «Құмжиек» командасының ойынын тамашалады.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

СОТҚА ШАҚЫРУ ХАБАРЛАМАЛАРЫ

Іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады.

Іске қатысатын адамдар, куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары пайдаланыла отырып хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін.

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама белгілі болған соңғы тұрғылықты жері немесе тұрған жері бойынша жіберіледі.

Егер сотқа хабарланған мекенжай бойынша адам іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін.

Іске қатысатын адамдар хабарланатын және шақырылатын адамдар сотқа келмеген істер бойынша сот талқылауының уақыты, күні мен орны туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

Осы баптың төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында

көрсетілген электрондық байланыс құралдары туралы мәліметтер болған кезде хабарламалар тараптардың өкілдеріне жіберіледі.

Хабарлаулармен шақырулар хабарланатын немесе шақырылатын адамның сотқа уақтылы келуіне және іске дайындалуына жеткілікті мерзімі болатындай есеппен істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарылған күннен не сот талқылауы тағайындалған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Хабарлау немесе шақыру туралы телефонограмманы берген адам оны өзінің қолтаңбасымен және оның кімге және қашан берілгендігін көрсетіп, куәландыруға тиіс.

Телефонограмманың жіберілгенін растайтын құжат іс материалдарына қоса тіркеледі.

Хабарламаны алған тараптар, жабық сот отырысында қарауға жататын істерді қоспағанда, талап қоюмен және оған қоса берілетін материалдармен соттың ресми интернет-ресурсы арқылы танысуға құқылы.

Азаматқа жіберілген соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама сотқа қайтарылуда жататын қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне қол қойғызып, оған жеке табыс етіледі.

Заңды тұлғаға жіберілген соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама оның өкіліне немесе басқарушылық функцияларды орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің қызметкеріне не шақырылатын, хабарланатын тұлғаның басқа жұмыскеріне табыс

етіледі, олар өздерінің лауазымын, тегін және аты-жөнін көрсете отырып, қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне алғандығы туралы қол қояды.

Соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама, егер хабарлау мен шақырудың электрондық түрлерін жіберудің барлық мүмкіндігі таусылған жағдайда, заңды тұлғаға жіберіледі.

Соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама, тіпті, егер заңды тұлға көрсетілген мекенжайда болмаса да, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша оған жеткізілген болып есептеледі.

Егер шақыру қағазын жеткізген адам іс бойынша хабарландырылатын немесе шақырылатын адамды тұрғылықты жерінен немесе жұмысынан таба алмаса, онда шақыру қағазы онымен бірге тұратын отбасының көмелеттік жасқа толған мүшелерінің біріне не олардың келісімімен басқа адамға, ал олар болмаған кезде – үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің немесе көппәтерлі тұрғын үйлер мүлкінің меншік иелері бірлестігінің не жай серіктестігінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасына не тұрғын үй басқарушысына, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның не оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасына тапсырылады. Бұл жағдайларда шақыру қағазын қабылдап алған адам шақыру қағазының түбіртегіне өзінің тегін,

атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), сондай-ақ адресатқа қатыстылығын немесе атқаратын лауазымын көрсетуге міндетті. Шақыру қағазын қабылдап алған адам оны кешеуілдемей адресатқа тапсыруға міндетті.

Көрсетілген жағдайларда соттың шақыру қағазы тиісті түрде тапсырылған болып есептеледі.

Адресат уақытша болмаған жағдайда шақыру қағазын жеткізетін адам қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарлауға адресаттың қайда кеткенін және оның қашан қайтып келуі мүмкін екенін белгілейді. Осы мәліметтерді онымен бірге тұратын көмелетке толған отбасы мүшелерінің және басқа адамдардың ішінен біреуі растауы не үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің немесе көппәтерлі тұрғын үйлер мүлкінің меншік иелері бірлестігінің не жай серіктестігінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтерді көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ қағаз жеткізгіштегі соттың шақыру қағазын немесе хабарлауды жеткізген адам қағаз жеткізгіштегі куәландыруға тиіс.

**Ж. ҚОНЫСБАЕВА,
Қазалы аудандық
сотының бас маманы-
сот отырысының
хатшысы**

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢІТКЕН СЕКСЕНӘЛІ РАХАНОВ



Аға туралы көптен қалам тарту ойымда болатын. Облыс орталығына жиналыс, семинарларға барамыз, ағамен амандық-саулық сұрасамыз, қайтамыз. Әйтеуір сұқбат құрудың, сұқбаттасудың сәті түспеді. Міне, енді жақсы аға туралы естелік жазу үшін қолыма қалам алдым.

Менің техникалық және кәсіптік білім беру саласында еңбек еткеніме жиырма жылға жуықтады. Осы жылдары бұл саланың жастарынан гөрі ардагерлерімен көп байланыста болдым. Солардың бірі де, бірегейі, менің осы саланың тарихын жинап, баспасөзде жарқ еткізіп жазып тұруыма себепші

болған ұстазым – Сексенәлі Раханов.

2009 жылдан бастап аймағымыздағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының «Кәсіптік білім беру және бизнес: Әріптестер сұхбаты» атты облыстық еңбек форумы өте бастады. Кезекті еңбек форумында сол кездегі колледж директоры Темірбек Кәнішұлы мені Сексенәлі Раханов ағамен таныстырды.

Сексенәлі аға барлық колледж басшыларына колледждерінің тарихын жинақтауды тапсырған екен. Осы күннен бастап аға екеуіміз шығармашылық байланыста болдық. Аға маған колледж тарихымен саланың ардагерлері жөнінде мәліметтер жинақтауды тапсырды, мен тапсырмаларын уақытылы орындап отырдым.

Сексенәлі аға 2013 жылы «Ұлағат ұясы», 2016 жылы «Кәсіптік білім көкжиегі» республикалық ақпараттық-танымдық, оқу-әдістемелік газеттерінің редакторы болды. Аймағымыздың техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жаңалықтар мен жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибелерін насихаттап, саланың өсіп-өркендеуіне зор

үлесін қосты. Азаматтығы мен адамгершілігі, өресі биік ағаның өміржолының өзі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Сексенәлі Раханов 1945 жылы 9 ақпанда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, «Бірлік» аулында шаруа отбасында дүниеге келген. 1971 жылы Қызылорда педагогикалық институтын физика мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Жаңақорған ауданындағы №55 орта мектепте бастады. 1975–1979 жылдары №69 кәсіптік-техникалық училищесінің директоры, 1979 – 1987 жылдары облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасары, 1987 – 2005 жылдары Қызылорда қаласындағы №9 кәсіптік-техникалық мектептің, №7 кәсіптік-техникалық мектептің, №8 облыстық арнаулы санаториялық мектеп-интернаттың директоры қызметтерін абыроймен атқарып, 2008 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

С.Раханов аймағымыздың техникалық және кәсіптік білім беру басқармасында еңбек еткен жылдарында кәсіптік білім беретін училищелердің материалдық – техникалық базасының нығаюы мен жаңа ғимараттар салынуына зор

үлесін қосты.

Сексенәлі аға Раханов кәсіптік-техникалық білім беру саласында жеткен жетістіктері үшін «Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық білім беру үздігі» (1983ж), «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» (1993ж) белгісімен марапатталған. «Қызылорда облысының құрметті қайраткері» атағына ие болды. 2000 жылы «Ғасыр адамы» байқауында Қызылорда облысы бойынша «Шабыттың шыққан шыңында» номинациясының иегері болды.

Ағамыздың «Сырдың Семекесі», «Дананың сөзі – ақылдың кені», «Маңдайға біткен марқасқа», «Тамыры терең бөйтерек», «Қаратаудан түлеп ұшқан...», «Шежірелі жылдар», «Сағындырған сағым жылдар», «Дара тұлға», тағы басқа кітаптары оқырманға жол тартты.

Сексенәлі ағаның арамыздан кеткеніне жылға жуықтаса да, әлі жанымызда жүргендей. Кәсіптік білімнің көкжиегін кеңіткен аға есімі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары

АТА – АНАНЫ ҚҰРМЕТТЕУ ПАРЫЗ!

Ата-ана әрбір отбасын құрушы алтын дінгек. Отбасының бастау алуы ата-анадан. Бала үшін бар өмірін арнайтын жандар. Баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қолдау білдіріп, барынша қатарынан қалмасын деп аянбай тер төгетін жандар. Алғаш басқан қадамымыз, былдырлап шыққан алғашқы тәп-тәтті бала тіліміз, қолымызға гүл шоғын ұстап мектепке барған сәтіміз, алтын ұядан түлеп ұшқан кезіміз, барлық қуанышымызда, өмірдің барлық деңгейінде әрқашан ата-анамыз жанымызда.

«Адам бойындағы жақсы да жаман қасиеттердің барлығы ата-анадан» дегендей ата-ана балаға жақсы тәрбие беріп, үлкен азамат қылуға тырысады. Жалпы бала ата-ананың қадірін ес біліп, есейген кезде түсінеді. Өседі, оқиды, албырттықпен

ата-анадан қалай жыраққа кеткенін де сезбей қалады. Оларға бала бар жағдайын жасаймын дегенше уақыт өз дегенін жасап та үлгереді. Бала есейеді, ал ата-ана өмір заңдылығы бойынша қартайады. Әкеміз бен анамызға қамқор болып, жылы сөздермен қуанту, әрдайым жандарынан табылу-біздің күнделікті қағидамыз десек артық емес.

Сондықтан өмір сыйлаған жандарды сыйлау, құрметтеу әрбір бала үшін парыз. Баласының кішкене жетістігіне шын қуана білетін жандар ата-ана ғана. Ата-ана асыл, баға жетпес құнды байлығымыз. Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ. Әрқашан асқар тауымызды, мөлдіреген бұлағымызды қадірлеп, қолда барда алтынымыздың қадіріне жете білейік.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ РӨЛІ



Қазалы аграрлы - техникалық колледжінде отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлі мен мәнін ұғындыру мақсатында «Қазақ отбасындағы әкенің рөлі» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға ардагер ұстаздар: Қ.Саниязов, Қ.Нұртаза, «Шипагер» қалалық емханасының терапевт – дәрігері Ә.Таубай, қалалық емхана психологы Ж.Сағымбай, колледжішілік қамқоршылық кеңесі мен әкелер кеңесінің мүшелері және білім алушылардың әкелері қатысты.

Шараны колледж директоры А.Мусаев сөз сөйлеп ашып, дөңгелек үстелдің мақсаты мен тақырыбы өзекті екендігіне тоқталды.

Шарада колледждің педагог – психологы Е.Баекеев «Қазақ отбасындағы әкенің рөлі», қамқоршылық кеңес мүшесі, ата - ана Д.Салмұрзаев

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда колледж бен отбасы - серіктестер», «Шипагер» қалалық емханасының терапевт – дәрігері Ә.Таубай «Зиянды әдеттерден аулақ болайық!» атты тақырыптарда баяндама жасады. Ардагер ұстаздар: Қ.Саниязов, Қ.Нұртаза тақырып аясында өз пікірлерін білдіріп, бала тәрбиесі жайлы тәжірибелерін ортаға салды.

Әкелердің ой – пікірлерін білу мақсатында бала тәрбиесіне қатысты сұрақтар беріліп, жауаптары дөңгелек үстел басында талқыланды.

Шара аясында «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, әкелерге жадынама-лар таратылып, әсем әндер шырқалып, қалалық емхана психологы Ж.Сағымбай әкелерге бала тәрбиесіне қатысты кеңестерін ұсынды.

Дөңгелек үстелді директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Г.Жаңылова қортындылап, шараға қатысушыларға ризашылығын білдірді.

Ерқасым БАЕКЕЕВ,
Қазалы аграрлы техникалық колледжінің педагог – психологы
Қазалы қаласы

ОРМАН-ДАЛА АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырары сөзсіз. Оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бір түрі орман - дала өрті. Теледидардан байқап отырсаңыздар жылдың көктем, жаз мезгілдерінде, әсіресе орман-дала өрті көп орын алып отырады. Бұл күннің қызуынан шөптердің қурап, көгеріп өртенуінен және де саяжайға демалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті

өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан болып отырады.

Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болар еді. Өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді сақтамауынан. Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын

арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің әсерімен жан-жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

**Шапағат
ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданы
Төтенше жағдайлар
бөлімінің
бас маманы,
азаматтық қорғау
майоры**

ОБА АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Оба – ауыр түрде уланып, без түйіндері, өкпе және басқа мүшелері ерекше зақымданғаны білінетін аса қауіпті зоонозды табиғи ошақты карантиндік жұқпалы ауру. Обаның өкпелік, ішектік, тері-бубондық, септикалық түрлері болады. Себебі, Yersinia pestis, бактериялық тобына жататын табиғи - ошақты жұқпалы ауру адамға жанасу, ауа - тамшы және алиментарлық жолмен жұғады, сонымен қатар тасымалдаушылар - бүргелер арқылы жұғады, карантиндік инфекцияға жатады. Табиғатта түрлі кемірушілер арқылы таралады. Адамдарға кемірушілерден, не бүргелерден жұғады. Кемірушілер денесінде 4 – 5 ай, бүргелерде 1 жылға дейін тіршілік етеді. Жұғу жолдарына қарай обаның бірнеше түрі бар. Мысалы, ауалы-тамшылы жолмен жұққанда өкпе обасы; тағам арқылы – ішек обасы; жанасу арқылы (мал сойғанда, терісін сыпырғанда, т.б.) не трансмиссивтік (бүрге шаққанда) жолмен жұққанда тері-бубон обасы, сирек септик. түрлері дамиды. Ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы сау адамға науқас адамнан жұғады. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 3 – 6 күнге дейін созылады. Ауру аяқ астынан басталады, науқастың температурасы 39 – 40°C-қа көтеріліп, басы айналады. Организмнің күшті улануынан адам құсып, іші өтеді, есінен танып, үрей, ұйқысыздық пайда болады. Ауру асқынған жағдайда науқас өледі. Ал тері-бубон обасында бүрге шаққан жерге жақын орналасқан лимфа безі ісініп, бұршақ дәніндей қызыл түсті бөрткен (іші қанды іріңге толы) пайда болады. Бөрткен жарылып жараға айналады.

Оба ауруының басқа түрлеріде өте қауіпті, қиын емделеді. Бірақ, уақытылы ауру анықталып, тез жағдайда түрлі, жан-жақты емдеу жұмыстары жүргізілсе ауырған адамды аман сақтап қалуға болады. Адам обаның ықпалына жылдам түседі, оған шалдыққандар төңіреkteгілер үшін өте қауіпті. Обаның өкпелік түрі аса қатерлі.

Алдын алу: Ауруларды жұқпалылықтың барлық мерзімінде қатаң түрде оқшаулайды. Аурумен байланыста болған адамдарды оқшаулай отырып 9 күнге карантин белгілейді. Обамен ауырғандарды, обаға шалдыққанына күдік туғызғандарды жеке палатада немесе бокста ұстайды. Ауруларға қызмет көрсететін барлық медициналық қызметші обадан қорғайтын костюммен жұмыс істейді, жұмыс аяқталғаннан кейін толық санитарлық тазалықтан өтеді. Қызметшілерге мұқият медициналық бақылау жүргізіледі. Аурудан алдын ала сақтандыру үшін ауру шыққан жерлерге эпизоотологиялық және эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі; сол аймақтағы тұрғындардың денсаулығы үнемі бақылауда болады; ауру ошағы дамыған жерге дератизация, дезинсекция және санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі.

**Гүлзат ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық санитарлық-
эпидемиологиялық бақылау басқармасының
бас маманы**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ ТИІС

Қазіргі таңда елімізде балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынуда, сол себепті бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн. Балалардың қатысуымен көптеген қайғылы жағдайлар орын алуда. Терезеден құлаған балалар туралы хабарламалар жиі айтылып, жыл сайын олардың саны көбеюде.

Балалардың терезеден құлау жағдайларын талдау барысында ата-аналар баланы ашық терезенің жанында пәтерде жалғыз қалдырғандықтан, олар жиі болып жатқанын айтады. Көптеген үйлерде заманауи шыны пакеттер пайда болуымен де байланысты. Егер осындай терезе москит торымен жабдықталған болса, онда ол екі есе қауіпті болады. Ата-аналар торды қорғаушы ретінде деп қате санайды. Бірақ балалар торды қорғаныс бөгет ретінде қабылдайды және

оған сүйеніп, терезеден онымен бірге түседі.

Ересектердің назарына: Терезенің жанында жиіаз болмауы керек, ол балаға терезенің астына оңай шығуға мүмкіндік береді, және оны бос қалдырмау керек. Бала ешқашан терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалмауы керек. Статистикаға сүйенсек балаларды қысқа уақытта қараусыз қалдырғанда құлау жағдайларының көп орын алатынын көрсетеді. Терезеде ойнауға тыйым салып, терезеге дұрыс қарауға үйрету керек. Балалар ата-аналардың мінез-құлқын әрдайым қайталайды.

Сонымен қатар балалардың отпен ойнауы да көбінесе өртке ұшыратады. Жасөспірімдердің отпен ойнауы ата-аналардың балаларына кез келген нәрсемен ойнауына жол беріп, тиым салмағандықтан туады.

Арамызда балаларын үйге кілттеп, сіріңкелерді жасырмай, электр қуатымен жұмыс істейтін құралдарды ток көзінен айырмай кететін адамдарда жоқ емес. Ал мұның бәріне үйде қалған сәбилер назар аударады, осының өзі-ақ өртке ұрындырады. Сол себепті отпен ойнау қандай жағдайға ұшырататыны жөнінде балаларға айтып, түсіндіріп отыру ата-ананың міндеті.

Кішкентай балаларды үйде жалғыз қалдыруға, оларға дүкеннен темекі, сіріңке алдыруға, жанып жатқан пешті, газ плиталарын қарауға жұмсауға тиым салынады.

Қорыта айтарымыз – балаларды сақтау әрбір ата-ананың абыройлы борышы.

Құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда!

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.